

## Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 363 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Занына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

16

сәуірдеғі

N

363

қаулысымен

бекілген

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы  
ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет (бұдан әрі - ӨҚҚ) органдары қызметкерлерінің қызмет өткери тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

2. ӨҚҚ қызметіндегі немесе кадрларындағы адамдарға мынадай арнаулы атақтар

**б е р і л е д і :**

**қ а т а р д ағ ы                    құр а м :**

ішкі қызметтің қатардағы жауынгері;

**к і ш і                    б а с ш ы                    құр а м :**

ішкі қызметтің кіші сержанты, ішкі қызметтің сержанты, ішкі қызметтің аға сержанты, ішкі қызметтің старшинасы, ішкі қызметтің прaporщикі, ішкі қызметтің аға прaporщикі;

**о р т а                    б а с ш ы                    құр а м :**

ішкі қызметтің кіші лейтенанты, ішкі қызметтің лейтенанты, ішкі қызметтің аға лейтенанты, ішкі қызметтің капитаны;

**аға                    б а с ш ы                    құр а м :**

ішкі қызметтің майоры, ішкі қызметтің подполковникі, ішкі қызметтің полковникі;

**ж оғ а р ы                    б а с ш ы                    құр а м :**

ішкі қызметтің генерал-майоры.

3. ӨҚҚ қызметіне, өзінің кәсіби дайындығы, денсаулығының жай-күйі, денедамуы мен білім деңгейі бойынша оларға жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруга қабілетті Қазақстан Республикасының 18-ден жас емес және 40-тан үлкен емес (қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына - 32 жастан үлкен емес) азаматтары қабылданады. Ерекше жағдайларда қажетті білімі, кәсіби дайындығының деңгейі бар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сай адамдарға қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы үәкілетті орган басшысының шешімімен көрсетілген жас мөлшерін шектеу

**ө з г е р т і л е д і .**

Бұрын ӨҚҚ-дан босатылған және қайтадан қызметке қабылданған азаматтарға арналған жас мөлшерін шектеу осы Ереженің 11-тармағының талаптары негізге алына отырып айқындалады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүйесіндегі оқу орнында оқуға орта білімі бар, 18 жасқа толмаған адамдар қабылдануы мүмкін.

Министрліктің жүйесіндегі оқу орнына қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі (бұдан әрі - Министр) белгілейді

ӨКҚ-ға қызметке қабылданатын азаматтар қызметке жарамдылығын анықтау үшін ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссияларында медициналық қуәландырудан өтеді.

4. Бұрын сottалған және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, сottар мен әділет органдарынан теріс дәлелдер бойынша босатылған адамдар өртке қарсы қызмет органдарына қызметке қабылдана алмайды.

5. ӨКҚ-ның қатардағы және басшы құрамындағы лауазымдарға адамдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындау жолымен орналастырылады.

Қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдарға кемінде ортадан төмен емес білімі бар және мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар, сондай-ақ осы Ереженің 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мерзімді әскери қызмет өткеруден босатылған немесе өткеру мерзімі кейінге қалдырылған азаматтар қабылданады. Бұл ретте, олар әскери есептен шығады және қорғаныс істері жөніндегі департаментке (басқармаға, бөлімге) растаушы құжаттар тапсырған кезде ӨКҚ-ға арнаулы есепке тұрады.

Орта басшы құрамдағы лауазымдарға арнаулы орта, жоғары білімі бар немесе жоғары оқу орындарының соңғы курсарында оқытын азаматтар (қызметкерлер тағайындалады) қабылданады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуы тиіс шақырылу жасындағы азаматтар тек жоғары білімі болған кезде ғана орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарға қабылдануы мүмкін. Көрсетілген азаматтар әскери есептен шығады әрі олар орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарға атtestatтаудан өткеннен кейін олардың тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаментке (басқармаға, бөлімге) растаушы құжаттар тапсырғаннан кейін ӨКҚ-ға арнаулы есепке тұрады.

Аға және жоғары басшы құрамдағы лауазымдарға жоғары білімі бар азаматтар (қызметкерлер тағайындалады) қабылданады.

6. ӨКҚ қызметіне кандидаттарды іріктеу тәртібі мен шарттарын Министр белгілеуді.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар олардың мәртебесін пайдалануға және оған негізделген беделді жеке басының, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы ықтимал іс-қимылдар жасалуын болдырмау мақсатында заңнамада белгіленген шектеулерді өздеріне қабылдайды. Осы шектеу жазбаша нысанда тіркеледі. Шектеуді қабылдамау қызметке қабылдаудан бас тартуға әкеп соғады.

7. ӨКҚ-ға қызметке қабылдауды мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тиісті аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының басшылары өз күзыреттері шегінде жүзеге асырады әрі қызметкерлерге қол қойылып, жария етілетін бұйрықтармен ресімделеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

8. Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған немесе ӨКҚ кадрларына есепке алынған әскери міндettі адамдар Министрлік жүйесіндегі өрт-техникалық оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және ӨКҚ-ның арнаулы есебінде тұрады.

9. Алғаш рет ӨКҚ-ға қызметке кірген адамдар міндettі түрде өртке қарсы қызмет органдарының кәсіптік мектептері мен оқу пункттерінде арнайы бастапқы оқытудан өтеді. Көрсетілген оқу орындарында бастапқы дайындықтан өтудің тәртібі мен шарттарын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы белгілейді.

10. Министрлік жүйесіндегі оқу орындарына оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ Министрлік қаражаты есебінен ақысы төленетін, уәкілетті мемлекеттік органның жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің төтенше жағдайлар бағыты бойынша жоғары оқу орындарына оқуға түсетін адамдар оқу орнында оқу мерзіміне келісім-шарт жасасады. Келісім-шартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының) өзара міндettемелері мен жауапкершіліктері белгіленеді. Келісім-шарт Министрлік жүйесіндегі оқу орнына қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімінен кейін жасалады. Келісім-шарт нысанын, оны жасасу, өзгерту, мерзімін ұзарту, бұзу және тоқтату тәртібін Министр белгілейді.

Министрлік жүйесіндегі өрт-техникалық оқу орнын, өзге де мемлекеттердің төтенше жағдайлар бағыты бойынша оқу орындарын бітірушілер қызмет өткеру үшін бөлініске сәйкес жіберіледі.

ӨКҚ-ның қатардағы және басшы құрамындағы жоғары білімі бар адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрлік жүйесіндегі оқу орнында екінші жоғары өрт-техникалық білім алуы мүмкін.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Министрлік жүйесіндегі оқу орнында, сондай-ақ басқа да жоғары және арнаулы орта оқу орындарында күндізгі, сыртқы, кешкі факультеттерде (бөлімшелерде) және қайта даярлау, біліктілігін арттыру курсарында (факультеттерінде), оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерде де оқуы мүмкін.

Оқуға жіберуді мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тиісті аумақтық

органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдары басшыларының рұқсатымен осы біліктіліктегі мамандарға қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескеरту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

11. ӨКҚ-ға қызметте қатардағы және кіші басшы құрамның адамдары 45 жасқа дейін болуы мүмкін.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар ӨКҚ-ға қызметте мынадай шекті жастарға дейін болады:

ішкі қызметтің кіші лейтенанттарынан	бастап
ішкі қызметтің подполковниктеріне	дейін
коса алғанда	- 45 жас
ішкі қызметтің полковниктері	- 53 жас
ішкі қызметтің генерал-майоры	- 58 жасқа дейін.

Қызметте болудың шекті жасына жеткен кезде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қызмет ету мерзімі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы басшысының шешімімен бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Қызмет мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу кезінде, әдетте ӨКҚ қызметкерлері олардың қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық комиссияға жіберіледі.

Қызмет мерзімін ұзарту туралы шешім қатардағы және басшы құрамның адамдарын ӨКҚ-дан "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңында (бұдан әрі - Заң) және осы Ережемен көзделген негіздер бойынша босату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

12. Кәсіби дайындық деңгейі мен мамандығы бойынша дербес жұмыс стажына қарай қатардағы және басшы құрамның адамдарына Министр белгілейтін тәртіппен сыйыптық біліктілік берілуі мүмкін.

13. Қазақстан Республикасының занамасында белгіленген тәртіппен әрі шарттармен қатардағы және басшы құрамның уақытша жоқ адамдарының мамандықтарын (лауазымдарын) немесе міндеттерін қоса атқаруға рұқсат етіледі.

14. М ы на л а р :

- 1) занда белгіленген тәртіппен босату;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылуы;
- 3) ӨКҚ қызметкерінің занда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз жоғалған немесе іс-әрекет жасауға қабілетсіз деп танылуы;
- 4) ӨКҚ қызметкерінің қайтыс болуы;

5) оның лауазымына сыйыспайтын қызметпен айналысы;

6) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі немесе ақтауға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы ӨҚҚ-да қызметті тоқтату үшін негіз болып табылады.

15. Қатардағы және басшы құрам адамдарының соғыс кезінде ӨҚҚ-да қызмет өткеруінің тәртібі заңнамада айқындалады.

16. ӨҚҚ қызметкерлерінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ осы Ережеде белгіленеді.

17. Қатардағы және басшы құрамның адамдары Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен мәтін бойынша ант қабылдайды.

18. ӨҚҚ қызметкерлерінің ақшалай үлесі заңнамада белгіленген тәртіппен белгіленеді.

ӨҚҚ қызметкерлері үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нысандық және арнайы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі.

19. ӨҚҚ қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Қатардағы және басшы құрамның адамдарына, сондай-ақ ӨҚҚ-тың зейнеткерлеріне ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсету тәртібі қолданылады.

Қатардағы және басшы құрам адамдарының қызмет орны немесе тұрып жатқан жерінде ішкі істер органдары жүйесінің медициналық ұйымдары болмаса немесе оларда тиісті бөлімшелер, қажетті мамандар не арнайы жабдық болмаса, сондай-ақ шұғыл жағдайларда оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсетіледі.

Қызметтік борышын немесе қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен немесе ауырған қатардағы және басшы құрамның адамдарына ақшалай төлемдер Заңға сәйкес жүргізіледі. Р050212

21. Қатардағы және басшы құрам адамдарының ӨҚҚ-дағы қызмет өткерген уақыты олардың жалпы және үздіксіз еңбек стажына есептеледі.

22. Қатардағы және басшы құрамның адамдары үшін жұмыс уақытының ұзақтығы еңбек туралы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

Қажет болған жағдайда қатардағы және басшы құрамның адамдары жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытқа, сондай-ақ түнгі уақытқа, апта сайынғы демалыс күндері және мереке күндері қызметке тартылуы мүмкін. Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытта және апта сайынғы

демалыс күндері мен мереке күндері істеген жұмыс үшін ақы төлеу заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

23. ӨКҚ-ғы, сондай-ақ оқу орнындағы (оқу бөлімшелеріндегі) ішкі жұмыс тәртібін олардың басшылары белгілейді.

24. Қатардағы және басшы құрамның адамдарына партияларда, кәсіптік одактарда болуға, қандай да бір саяси партияны қолдауға, ереуілдер ұйымдастыруға және олардың өткізілгендеріне қатысуға, өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға (оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басшылық органдының немесе байқау кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынады.

Көрсетілген нормаларды бұзғаны үшін қатардағы және басшы құрам адамдары егер заңнамада өзгеше көзделмесе, ӨКҚ-дан босатуға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

25. Қатардағы және басшы құрам адамдары, сондай-ақ:

1) қызметтік тәртіпті бұзғаны, функционалдық міндеттерін орындағаны үшін - осы Ережеге сәйкес;

2) материалдық зиян тигізгені, әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыс жасағаны үшін - заңнамаға сәйкес материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

26. Қатардағы және басшы құрамның адамдары оларға жүктелген міндеттерді атқару кезінде тек тікелей және төте басшыларына бағынады.

Тікелей және төте басшылар бағынышты адамдарға қызметінің қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз етеді, оларға қызметте өсуі, білімі мен мәдениетін көтеру, дене қабілетін дамыту қоғамдық міндеттерін орындауы мен демалысы үшін нақты мүмкіндіктер ұсынады.

27. ӨКҚ-ның тікелей бастықтары мен басқа да лауазымды адамдары осы Ереженің талаптарының әрі қатардағы және басшы құрам адамдарының қызмет өткериуі мен кадрлармен жұмыс мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық кесімдердің дәл сақталуы үшін дербес жауап береді. Қатардағы және басшы құрам адамдарының бұзылған құқығы деру қалпына келтірілуі тиіс, ал оның кінәсінен осындай бұзушылық орын алған лауазымды адамдар, оның ішінде заңнамада белгіленген жағдайларда - материалдық зиян да өтетіліп, жауапкершілікке тартылады .

28. Қызметінен заңсыз босатылған немесе лауазымы мен атағы төмендетілген қатардағы және басшы құрамның адамдары бүрынғы немесе сонымен бірдей лауазымы мен атағында қалпына келтіріледі. Адамды қызметіне (лауазымына және атағына) қалпына келтіру оның өтініш берген күнінен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей жүргізіледі. Заңсыз босатылуына байланысты мәжбүрлі

жұмыстан қалу, лауазымы мен атағы төмендетілу уақыты ӨҚҚ қызметінің стажына (күнтізбелік есептеумен) және арнаулы атағында қызмет өткерген жылдары есептеледі. Мәжбүрлі жұмыстан қалған уақыты үшін материалдық зиян заңнамада белгіленген тәртіппен төленеді.

Тергеу және анықтау органдарының қаулылары ақтайтын негіздер бойынша істің тоқтатылуы, занды күшіне енген сottың ақтау үкімі, шешімі не босатылуы, лауазымынан немесе атағынан төмендетілуі туралы шешім қабылдаған бастықтар не оларға тең әрі олардан да жоғары бастықтар қызметтік тексеру нәтижесі бойынша шығарған қорытынды ӨҚҚ қызметінде лауазымына, арнаулы атағында қалпына келтіру үшін негіз болып табылады.

29. Қатардағы және басшы құрамның адамдарына еңбек туралы заңнама Заңға қайшы келмейтін мөлшерде қолданылады.

## 2. Арнаулы атақтар

30. Қатардағы және басшы құрамның арнаулы атақтары ӨҚҚ-ға қызметке (окуға) қабылданған адамдарға жеке, реттілік тәртібімен біліктілігі, білімі, қызмет өткерген жылдары мен штаттық лауазымы, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да шарттар ескеріле отырып, беріледі.

Арнаулы атақтар беру реттілігіне қарай бастапқы және кезекті болып бөлінеді. Бұл ретте ішкі қызметтің арнаулы атағын беру атқаратын лауазымы бойынша көзделген арнаулы атаққа сәйкес келуі тиіс.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын (бастапқы және кезекті) оларға қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындау құқығы берілген бастықтар береді.

Орта және аға басшы құрамдағы бастапқы арнаулы атақтарды беруді әрі ӨҚҚ кадрларына есепке алушы Министр жүргізеді.

31. Басшылық құрамының кезекті арнаулы атақтары осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әрі арнаулы атаққа қызмет өткерудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін реттілік тәртібімен кезекті арнаулы атағы сәйкес болған кезде беріледі.

Бағынышты адамды кезекті арнаулы атаққа ұсынуды негіzsіз кешіктірген ӨҚҚ бастығы тәртіптік ретпен жауапкершілікке тартылады.

Кезекті арнаулы атақтар берудің осы Ережеде көзделмеген қосымша шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтарда қызмет өткеруінің мынадай мерзімдері белгіленеді:

ішкі қызметтің қатардағы жауынгері атағында - 3 ай;  
ішкі қызметтің кіші сержантты атағында - 1 жыл;

ішкі қызметтің сержанты атағында - 2 жыл;  
ішкі қызметтің аға сержанты атағында - 3 жыл;  
ішкі қызметтің прaporщиғі атағында - 5 жыл.

Ішкі қызметтің старшинасы, ішкі қызметтің аға прaporщиғі атақтарында қызмет өткеру мерзімдері белгіленбейді.

32. Орта және аға құрамның арнаулы атақтарда қызмет өткеруінің мынадай мерзімдері белгіленеді:

ішкі қызметтің кіші лейтенанты атағында - 1 жыл;  
ішкі қызметтің лейтенанты атағында - 2 жыл;  
ішкі қызметтің аға лейтенанты атағында - 3 жыл;  
ішкі қызметтің капитаны атағында - 3 жыл;  
ішкі қызметтің майоры атағында - 4 жыл;  
ішкі қызметтің подполковникі атағында - 5 жыл.

Ішкі қызметтің лейтенанты бастапқы арнаулы атағы Министрлік жүйесіндегі жоғары оқу орнын, сондай-ақ басқа да жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін берілген және оқу орнында алған немесе оған ұқсас мамандық бойынша ӨҚҚ-да қызмет өткеруші қызметкерлер үшін ішкі қызметтің лейтенанты атағында қызмет өткеру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді.

Ішкі қызметтің полковникі атағына, сондай-ақ жоғары басшы құрамдағы атақтарға қызмет өткеру мерзімдері белгіленбейді.

33. Ішкі қызметтің ішкі лейтенанты бастапқы арнаулы атақтары:

Министр бекіткен бағдарлама бойынша ӨҚҚ-ның арнаулы курсарын, басқа да министрліктер мен ведомстволардың арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдардағы қызметкерлерге;

жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарының соңғы курсарында оқитын, сондай-ақ аяқталмаған жоғары білімі бар (үшінші курстан төмен емес) және орта басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған қатардағы немесе кіші басшы құрамдағы лауазымдардағы қызметкерлерге;

басқа да министрліктер мен ведомстволардың арнаулы орта оқу орындарын бітірген және орта басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған азаматтарға беріледі.

34. Ішкі қызметтің лейтенанты арнаулы атақтары:

ішкі қызметтің кіші лейтенанттарына осы Ережеде белгіленген арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімі аяқталғаннан кейін, ал жоғары оқу орындарын бітіргендеге - осы атақтағы қызмет өткеру мерзіміне қарамастан;

қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтары бар, Министрлік жүйесіндегі жоғары оқу орнын бітірген және орта басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған қызметкерлерге;

күндізгі оқу нысанындағы Министрлік жүйесіндегі жоғары арнаулы оқу орнын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары немесе орта оқу орнын бітірген қызметкерлерге;

жоғары білімі бар әрі орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған адамдарға беріледі.

35. Орта және аға басшы құрамдағы кезекті арнаулы атақтарды:

ішкі қызметтің майорына дейін қоса алғанда, - аумақтық органдар мен мемлекеттік мекеменің және оның облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының бастықтары;

ішкі қызметтің полковнигіне дейін қоса алғанда, Министр береді.

Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті Министрдің ұсынуы бойынша береді.

36. Бір қызметтен (бөлімшеден) жеке құрамы үшін өзге де арнаулы атақтар белгіленген басқа қызметке (бөлімшеге) ауысқан қызметкерлерге осы Ереженің 31-тармағында көзделген тәртіппен осындай атақтар беріледі. Бұл ретте жаңа арнаулы атақ қызметкерде бар арнаулы атақтан төмен болмауы тиіс.

37. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұрған азаматқа ал ӨҚҚ құрамындағы басшы құрамдағы лауазымға тағайындалғаннан кейін, оның әскери атағына сәйкес арнаулы атақ беріледі.

Запастағы офицерлер орта, аға және жоғары басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған кезде, егер лауазымға тағайындалған күні олар әскери қызмет өткери әрі олар запаста болу кезеңінде әскери атақтар берудің белгіленген мерзімдерін өткөрсе, оларға бастапқы арнаулы атақ олардың әскери атағынан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

Запаста неғұрлым жоғары офицерлік атақтары болған адамдарды қоспағанда, аға басшы құрамдағы лауазымдарға қабылданған запастағы офицерлерге ішкі қызметтің майоры атағынан жоғары атақ беріле алмайды.

38. Басшы құрамдағы кезекті арнаулы атақ (ішкі қызметтің полковнигіне дейінгіні қоса алғанда) қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін көтермелей тәртібімен бұрынғы атағындағы қызмет өткерудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын немесе атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

Арнаулы атақтар арнаулы атақтағы белгіленген қызмет өткери мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін ғана мерзімінен бұрын беріледі.

Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ мынадай жағдайларда:

ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар, бұл ретте оқу орнындағы атқаратын штаттық лауазымдағы басшы құрамдағы арнаулы атақтағы адамдарға белгіленген қызмет өткери мерзімі аяқталғаннан кейін;

алдыңғы арнаулы атағындағы белгіленген қызмет өткери мерзімінің кемінде екеуі өткеннен кейін - басшы құрамдағы басқа да санаттарға беріледі.

Арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын не атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ беру ӨҚҚ қызметіндегі бүкіл кезең үшін бір мәрте жүргізіледі.

Бұл ретте кіші басшы құрамдағы арнаулы атақтарды оларға кіші басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындау құқығы берілген бастықтарға, ал орта және аға басшы құрамдағыларға - Министр береді.

39. Арнаулы атақта қызмет өткери мерзімі осы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап есептеледі.

Арнаулы атақ беру заңсыз кешіктірілген кезде арнаулы атақта қызмет өткери мерзімі алдыңғы арнаулы атақта қызмет өткери мерзімі аяқталған сәттен бастап есептеледі.

Орта басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған қатардағы және кіші басшы құрамдағы атақтары бар қызметкерлер болған атағында қызмет өткери мерзіміне қарамастан орта басшы құрамдағы арнаулы атақ беруге ұсынылады.

40. Тиісті ӨҚҚ қарамағындағы немесе тәртіптік жазасы бар, сондай-ақ оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе қызметтік тәртіпті бұзуы фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан қызметкерлерді, тиісінше лауазымға тағайындауға дейін, тәртіптік жаза алып тасталғанға дейін, ақтау негіздері бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін немесе қызметтік тексеру аяқталғанға дейін кезекті арнаулы атақтарға ұсыну жүргізілмейді.

Тәртіптік жаза қолданудың заңсыздығы немесе ақтау негіздері бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы шешім шығарылған жағдайда қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға оны беру мерзімі басталған сәттен бастап кезекті арнаулы атақтың штаттық лауазым бойынша атаққа сәйкес келуіне қарай беріледі.

41. Қызметкерлер соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бойынша арнаулы атақтардан айрылуы мүмкін:

кіші басшы құрамдағы - кіші басшы құрамға арнаулы атақ беру құқығы берілген бастықтар;

орта және аға басшы құрамдағылар - Министр;

жоғары басшы құрам - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес.

42. Арнаулы атақтан заңсыз айрылған жағдайда сот органдарының қаулысына сәйкес бұрынғы атағын қалпына келтіру туралы шешімді арнаулы атақтан айыру туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар қабылдайды.

Арнаулы атақтан заңсыз айырылған кезең қалпына келтірілген арнаулы атақта қызмет өткерген мерзіміне кіреді. Арнаулы атақтан заңсыз айырылған адамдарға толық көлемде материалдық зиян өтеледі.

### **3. Лауазымға тағайындау, қызмет бойынша ауыстыру және жылжыту**

43. Лауазымға тағайындау, қызмет бойынша ауыстыру және жылжытуды тікелей бастықтар оларға берілген құқықтарға сәйкес мынадай шарттар сақталған

**ке з д е жүргізеді :**

1) қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды лауазымға тағайындау және қызмет бойынша ауыстыру кезінде оларды негізгі немесе ұқсас мамандық бойынша пайдалану не тәжірибесіне қарай, ал олар үшін жаңа мамандықтар бойынша лауазымдарда пайдалану қажет болған кезде тағайындау алдында тиісті курстарда (жиындарда) қайта даярлау қамтамасыз етіледі;

2) бос лауазым бойынша уақытша міндет атқарудың үздіксіз мерзімі екі айдан, ал бос емес лауазым бойынша - төрт айдан аспауы тиіс.

Негіз міндеттерінен босатып, басқа лауазымдар бойынша уақытша міндет атқару белгіленген тәртіппен жүктелген штаттық лауазымдардағы қызметкерлерге ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

сол органда неғұрлым жалақысы мен билік ету функциялары жоғары орнында жоқ қызметкердің лауазымы бойынша уақытша міндет атқару кезінде алмастыруши қызметкерге лауазымдық жалақы алмастырылатын қызметкер лауазымы бойынша тиісті коэффициентті алмастыруши қызметкердің базалық лауазымдық жалақысының мөлшеріне, қызмет стажына көбейту жолымен анықталады. Лауазымдық жалақы алмастырудың бірінші күнінен бастап, бірақ бос лауазым бойынша төрт айдан асырмай төленеді;

штаттық орынбасарларға (көмекшілерге) олардың қызметтік міндеттеріне қарамастан, өздерінің тікелей бастықтарының бос емес лауазымдары бойынша ақшалай үлес төлеу уақытша атқаратын емес, олардың негізгі лауазымдары

**бо й ы н ш а жүргізіледі ;**

басшының уақытша бос лауазымы бойынша уақытша міндет атқару кезінде, оның ішінде олардың орынбасарларына ақы төлеу бос лауазым бойынша коэффициент негізге алышып, бірақ екі айдан асырмай төленеді, одан әрі оларды осы лауазымға тағайындау немесе бос лауазым бойынша міндет атқарудан босату туралы шешім қабылданады.

Лауазым бойынша уақытша міндет атқарушы етіп тағайындау оған қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау әрі оларды ауыстыру құқығы берілген бастықтың бүйрекімен ресімделеді.

Егер осы лауазымды тұрақты атқаратын адам, сондай-ақ оның штаттық

орынбасарлары немесе көмекшілері (олардың қызметтік міндеттеріне қарамастан) бөлімшеден кеткен жағдайда (емделуге, демалысқа, қызметтік іссапарға; окуға және т.б.) ғана басшылардың бос емес лауазымдары бойынша уақытша міндет атқарғаны үшін ақы төлеу жүргізіледі.

Уақытша міндет атқаруға тағайындалған қызметкерлердің демалыста, уақытша атқаратын лауазымы бойынша міндеттерін атқарумен байланысты емес қызметтік іссапарда, оқуда болған, емдеу мекемесінде емделген, ауруына байланысты қызметтік міндеттерінен босатылған уақыттарында лауазымдық жалақы тек негізгі лауазымы бойынша ғана төленеді.

ОҚҚ қарамағындағы қызметкерлерге бос емес уақытша атқарылатын лауазымдар бойынша лауазымдық жалақылар төленбейді.

3) басшы құрамдағы адамдар ұйымдастыру-штаттық іс-шараларының жүргізуі кезінде 15 күннен аспайтын мерзімге ОҚҚ қарамағына есептелуі мүмкін.

Айрықша жағдаяттардан туындаған ерекше жағдайларда 15 күннен астам, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге Министрдің рұқсатымен қарамағында болуға жол беріледі.

Қарамағында болу мерзіміне қатардағы және басшы құрамның осы Ережеде белгіленген демалыста, емдеу мекемелерінде емделуде (әскери-дәрігерлік комиссияның жіберуімен тексерілу); бұрынғы қызмет орнынан тиісті ОҚҚ орналасқан жерге жету үшін жолда болған уақыты; жоғары және арнаулы орта оқу орындарының сырттай, кешкі бөлімдерінің оқу-емтихан сессияларында болған уақыты; қылмыстық іс тоқтатылған немесе актау үкімі шығарылған жағдайларда қамауға алынған күнінен бастап әрі босатылған күнін қоса алғанда, қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына байланысты қамауда болу уақыты есептелмейді;

Атқаратын лауазымынан босатылған әрі кезекті демалысын пайдаланбаған, қарамағындағы қызметкерлерге, оларды қызметте одан әрі пайдалану туралы мәселені шешу кешіктірілген жағдайда, әдетте пайдаланылмаған демалыс берілуі тиіс. Кезекті демалыс кезінде ақшалай үлес оларға қарамағында болуы мерзіміне қарамастан, қарамағына есептелген күні негізгі лауазымы бойынша алатын жалақысы мөлшерінде ақшалай үлес төленеді.

4) қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет бойынша ауысуы, әдетте оларды тиісті ОҚҚ-ның қарамағына қабылдаусыз жүзеге асырылады. Тиісті органның қарамағындағы адамдарды лауазымға тағайындау лауазымнан босатылған күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі. ОҚҚ қарамағында көрсетілген адамдарды қызметке пайдалану тәртібін қызметкер штатында тұратын бөлімшениң басшысы белгілейді.

ОҚҚ қызметкерлеріне тиісті мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының

қарамағында болуы уақытында осы Ереженің 43-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ақшалай үлес штаттық лауазымнан босатылған күнінен бастап соңғы негізгі лауазымы бойынша лауазымдық жалақы мөлшерінде әрі арнаулы атағы үшін ұстемеақы төленеді, сондай-ақ оларға егер қарамағына есептелгенге дейін олар мұндай өтемақы алған болса, тұрғын үй ұсташа мен коммуналдық қызметтерге ақшалай өтемақы төленеді.

5) мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тиісті аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының бастықтары және олардан жоғары бастықтарды тікелей бастықтың бос лауазымын шүғыл алмастыру қажет болған кезде - осы лауазымға тағайындау құқығы бар бастықтың келісімімен осы лауазымға басшы құрамның адамын уақытша - бір айдан аспайтын мерзімге тағайындауға рұқсат етіледі;

6) орта, аға және жоғары басшы құрамның адамдарын басқа лауазымдарға шүғыл ауыстыру, сондай-ақ басқа жерге ауыстыру қажет болған кезде бұл туралы шешімді олардың келісімімен тиісті тікелей бастықтары осы адамдардың дайындығы мен қызмет тәжірибесін, сондай-ақ оларда отбасы мүшелерінде медициналық қарсы айғақтардың жоқтығын ескере отырып қабылдайды;

7) осы Ереженің 11-тармағында белгіленген қызметте болудың шекті жасына жетпеген, әскери қызметке немесе бейбіт уақытта саптық емес қызметке жарамды деп танылған, бірақ өзінің денсаулығының жай-күйі немесе отбасы мүшелерінің денсаулығының жай-күйі бойынша қызмет (тұрғылықты) орнын ауыстыруы қажет басшы құрамдағы адамдардың басқа жерге қызметі бойынша ауыстырылуы әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының негізінде тиісті бастықтардың рұқсаты бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

44. Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды қызмет бойынша ауыстыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) жоғары тұрған лауазымдарға - қызмет бойынша жылжыту тәртібімен;

2) бірдей лауазымдарға - басқа лауазымдарды алмастыру қажет болған не олардың іскерлік әрі жеке басының қабілеттерін ескере отырып, неғұрлым орынды пайдалану, жаңа мамандық бойынша даярлау, сондай-ақ отбасы жағдайлары, денсаулығының жай-күйі немесе жасына қарай осы адамдардың келісімімен;

3) Министрлік жүйесіндегі оқу орнына оқуға түсуімен атқаратын штаттық лауазымынан босатылуына байланысты, сондай-ақ оқу орнын бітіргеннен кейін лауазымға тағайындалған кезде;

4) төменгі тұрған лауазымдарға:

ӨКҚ штаттары қысқартылған немесе ол қайта ұйымдастырылған кезде олардың келісімімен осы адамдарды бірдей лауазымдарға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда;

денсаулығының жай-күйі бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде әрі олардың келісімімен; тәртіптік жаза ретімен;

өзінің жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

45. Орта, аға және жоғары басшы құрамның адамдарын қызмет бойынша ауыстыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) жоғары тұрған лауазымдарға - қызмет бойынша жылжыту тәртібімен;

2) бірдей лауазымдарға - ұйымдастыру-штаттық іс-шараларының жүргізуіне байланысты, олардың мамандығы мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, неғұрлым орынды пайдалану үшін, сондай-ақ өзінің жеке өтініші бойынша олардың тікелей және төте бастықтарының келісімімен;

3) Министрлік жүйесіндегі оқу орнына оқуға түсуімен атқаратын штаттық лауазымнан босатылуына байланысты, сондай-ақ оқу орнын бітіргеннен кейін лауазымға тағайындалған кезде;

4) төменгі тұрған лауазымдарға:

ӨКҚ штаттары қысқартылған немесе ол қайта ұйымдастырылған кезде және олардың келісімімен осы адамдарды бірдей лауазымдарға пайдалануға мүмкін болмаған жағдайда;

денсаулығының жай-күйі бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде;

қызмет мұддесінде - олардың келісімімен;

өзінің жеке өтініші бойынша;

тәртіптік жаза ретімен жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамның адамдарын қызмет бойынша ауыстыру туралы шешім ауыстыру негізі көрсетіліп, жеке құрам бойынша бүйрекпен ресімделеді.

46. Қатардағы және басшы құрамның адамдарын қызмет бойынша жылжыту, әдетте олардың іскерлік әрі жеке басының қабілеттері, денсаулығының жай-күйі ескеріле отырып, басшы кадрлар резервінде тұрған қызметкерлер ішінен жүргізіледі.

Басшы кадрлар резервінде есепке алынған басшы құрамның адамдарымен жұмыс Министр белгілеген тәртіппен жузеге асырылады.

47. Қызмет бойынша ауыстырылған орта, аға және жоғары құрамдағы адамдар істер мен лауазымды тапсырғаннан кейін, бірақ осы адамдар кезекті демалыста немесе емделуде болған жағдайлардан басқа мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдары немесе мемлекеттік мекемесінің және оның

облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдары қызмет бойынша ауыстыру туралы бұйрық немесе жазбаша хабарлама алған сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей жаңа қызмет орнына іссапарға баруы тиіс.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

48. Резервтегі, демалыстағы, емделудегі, іссапардағы қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызмет бойынша ауыстыруға немесе қызметтен босатылуға жатпайды.

49. Оған қатысты қылмыстық іс қозғалған әрі қамауға алу түрінде жолын кесу шарасы қолданылмаған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы қылмыстық іс бойынша сот шешім қабылдағанға дейін қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеу жүргізілетін кезеңге қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетіледі.

Оларға қатысты қамауға алу сияқты жолын кесу шарасы белгіленген тәртіппен қолданылған, қылмыс жасауға айыпты ретінде тартылған жағдайда қызметкерлерге ақшалай үлес төлеу қылмыстық іс бойынша шешім қабылданғанға дейін қамауға алынған күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

Ақтау үкімі шығарылған, іс-әрекетінде қылмыс құрамы анықталмағаны немесе қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбегені үшін қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда қызметкерлерге қызметте ықтиярсыз болмаған уақыты үшін заңнамаға сәйкес ақшалай үлес өтеледі.

Тергеу немесе сот органдарының шешімі (айқындағасы) бойынша қамауға алынған қызметкерлерге лауазымынан шеттетілген күнінен бастап ақшалай үлес төлеу тоқтатылады. Сот қолданған жаза түріне қарамастан, оның ішінде шартты түрде жазалау туралы үкім шығарылған жағдайда қамауда болған кезіне ақшалай үлес төленеді.

Гаупвахтада ұсталып, тәртіптік ретімен қамауға алынған қызметкерлерге қамауда болған кезіне ақшалай үлес төленеді.

ӨКҚ-дан қылмысы үшін сотталуына байланысты қызметтен босатылған, кейін ақталған әрі тиісінше лауазымы мен арнаулы атағы қалпына келтірілген қызметкерлерге қызметте ықтиярсыз болмаған кезі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақшалай үлес өтеледі.

#### **4. Аттестаттау**

50. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестаттау олардың қызметіне сәйкестігін анықтау мақсатында белгіленген аттестаттау тәртібімен жүргізіледі.

Аттестаттау комиссиясының қорытындысын ӨКҚ басшылары бекітеді.

51. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды аттестаттауды жүргізген кезде алдын ала дайындық жұмысы (ұйымдастыру және тәрбиелеу іс-шаралары, аттестатталатын адамдармен жеке әңгімелесу және т.с.с) жүргізіледі.

52. Ол бойынша аттестатталатын адамды ӨҚҚ-дан босату туралы қорытынды шығарылуы жорамалданған аттестаттау ол адамның қатысуымен жүргізіледі. Қызметкер аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда комиссия қолда бар материалдардың негізінде оның қатысуынсыз аттестаттауды жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

53. Аттестаттау комиссияларын кадрлар аппараттарының ұсынуы бойынша мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының басшылары құрады.

**Ескерту. 53-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

54. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттарын, ол бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ аттестаттауды өткізу кезіндегі тәртіп бұзушылыққа шағымдарды қарау тәртібін Министр белгілейді.

## 5. Демалыстар

55. ӨҚҚ-ның қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға мынадай:

- 1 ) жыл сайынғы ;
- 2) жалақыны сақтаусыз (қысқа мерзімді);
  - 3 ) оқу ;
  - 4 ) қосымша ;

5) жүктілігі мен босануы бойынша әйелдерге демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) демалыс;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де демалыстар беріледі.

56. Демалыс ұзақтығы қолданылатын жұмыс режимі мен кестелеріне қарамастан, еңбек демалысына сәйкес келетін мереке күндерін есепке алмай құнтізбелік күндерге есептеледі.

Қызметкерлерге жыл сайынғы, қысқа мерзімді және қосымша демалыстар кезінде, ұстемеақыларды, коэффициенттерді, сондай-ақ егер олар кеткен күні оларды алған болса, тұрғын үй ұсташа мен коммуналдық төлемдерге ақшалай өтемақыны қоса алғанда, негізгі штаттық лауазымы (уақытша атқарылған емес) бойынша демалысқа шыққан күні алатын мөлшерде ақшалай үлес төленеді.

Егер демалыста болған кезеңінде қызметкердің атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық жалақысының өзгеруіне, лауазымдық жалақысының

артуына, оған үстемеақы төленуіне немесе кезекті атақ берілуі құқығының туындауына байланысты ақшалай үлестің мөлшері өзгерсе, ол демалыстан келгеннен кейін оған тиісті қайта есептеу жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы әйелдерге жүктілігі мен босануы бойынша демалыстағы кезіндегі ақшалай үлес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес төленеді.

57. Жыл сайынғы демалыс қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға 30 күнтізбелік күнге беріледі.

58. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ӨҚҚ бағыты бойынша зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін, қызмет өткерген жылдарына қарай төленетін қосымша демалыс (күнтізбелік есептеумен):

- 1) қызмет өткерген жылдары он жылдан акса - ұзақтығы 5 күнтізбелік күн;
- 2) қызмет өткерген жылдары он бес жылдан акса - ұзақтығы 10 күнтізбелік күн;

3) қызмет өткерген жылдары жиырма жылдан акса - ұзақтығы 15 күнтізбелік күн беріледі.

59. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен экологиялық апат аймақтары деп жарияланған өнірлерде қызмет өткеруші қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ұзақтығы мен олардың тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленетін жыл сайынғы қосымша демалыс беріледі.

60. Жыл сайынғы демалыс демалыс кестесіне сәйкес күнтізбелік жыл ішінде беріледі.

Жыл сайынғы демалыс кезінде ауырып қалған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға демалыс олардың емделуде болған күнінің санына ұзартылады.

ӨҚҚ-ға қызметке тұрған жылына сәйкес қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жыл сайынғы демалысының ұзақтығы олардың қызметке тұрған күнінен бастап қызмет өткерген уақытына барабар мынадай есеппен: әрбір қызмет өткерген толық ай үшін демалысының он екіден бір бөлігі есептеледі.

61. Қызметкерлер жыл сайынғы демалысты бөліп пайдалана алады.

62. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды негізсіз жыл сайынғы демалыстан шақырып алуға жол берілмейді. Қызметтік қажеттілік орын алған жағдайда бұл адамдарды лауазымға тағайындауға құқылы тікелей бастықтың жазбаша бұйрығының негізінде жыл сайынғы демалыстан шақырып алуға жол беріледі. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі, әдетте ағымдағы жылы немесе келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей беріледі. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың тілегі бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігі келесі жылы кезекті демалысқа қосылуы мүмкін.

Бірнеше жыл пайдаланылмаған демалыс күндерін қосуға және ұзақтығы

қырық бес күнтізбелік құннен астам демалыс беруге жол берілмейді, оның ішінде кез келген негіз бойынша ӨҚҚ-дан босату кезінде де.

63. Қатардағы және басшы құрамның ӨҚҚ-дан қызметте болуының шекті жасына жетуіне, ауыруына, штаттың қысқартылуына байланысты босатылған адамдарына босатылу жылы олардың тілегі бойынша оларды осы жылы нақты жұмыс істеген уақыты үшін жыл сайынғы демалыс беріледі немесе босатылған жылы пайдаланылмаған демалыс үшін осы жылы қызмет өткерген уақытына барабар, бірақ 45 күнтізбелік құннен аспайтын ақшалай өтемақы төленеді.

ӨҚҚ-дан босатылатын қатардағы және басшы құрамның адамдарына (осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардан басқа) босатылған жылы пайдаланылмаған жыл сайынғы демалыс үшін осы жылы қызмет өткерген уақытына барабар, бірақ 45 күнтізбелік құннен аспайтын ақшалай өтемақы төленеді.

64. Қысқа мерзімді демалыстар барлық қызметкерлерге шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу үшін, ең алдымен ауруына, туысқандық парызын орындауына байланысты, сондай-ақ басқа да дәлелді себептер бойынша беріледі. Қысқа мерзімді демалыс жыл сайынғы демалыс есебіне есептелмейді.

65. Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша босатылуы параграфының ұзақтығы ауруының сипатына қарай анықталады. Қолданыстағы заңнамада жекелеген аурулар бойынша емделудің неғұрлым ұзақ мерзімі көзделетін жағдайлардан басқа, емдеу мекемелерінде үздіксіз емделудің жалпы алғандағы уақыты екі айдан аспауы тиіс. Үздіксіз емделудің белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін қатардағы және басшы құрамдағы көрсетілген адамдар олардың одан әрі қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның куәландырылуына жатады.

Олар қызметтік міндеттерін атқаруы және қызметтік борышын орындауы кезінде алған жарақаттануына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың емделуде болған уақыты мерзімі шектелмейді. Көрсетілген адамдар емделуі аяқталғаннан кейін немесе ауруының нәтижесі анықталған кезде медициналық куәландыруға жіберіледі.

Жиі әрі ұзақ уақыт ауыратын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар олардың одан әрі қызметті өткеруге жарамдылығын айқындау үшін мемлекеттік ертке қарсы қызметтің аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының кадрлар аппараттарының емдеу-профилактикалық мекемелерінің ұсынуы бойынша әскери-дәрігерлік комиссияларға медициналық куәландыруға жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі емдеу мекемесінің

жолдамасы бойынша емделу орнына және кері бағытта жолына ақы төлеу ӨҚҚ қаражаты е себінен жүргізіледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша босату парактары негізінде қызметтен босатылған, госпитальдарда, аурұханаларда, стационарларда және басқа да емдеу мекемелерінде емделіп жатқан қызметкерлерге ауырған күніне алып келген мөлшерде ақшалай үлес төлеу сақталады, бірақ үздіксіз емделуінің үш айдан аспайтын мерзіміне. Әскери-дәрігерлік комиссияның ӨҚҚ-дағы қызметкердің қызметке одан әрі жарамдылығы туралы қорытындысына қарай көрсетілген мерзімнен тыс ауырған уақыты ақшалай үлес төлеуге жол беріледі.

Қызметтік міндеттерін атқаруы және қызметтік борышын орындауды кезінде алған жарақаттануына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты емделудегі қызметкерлерге ақшалай үлес олар лауазымын атқаруға кірісkenге немесе ӨҚҚ-дан босағанға дейін емделуде болған уақыты үшін төленеді.

ӨҚҚ қарамағында болған кезеңінде ауырған қызметкерлерге емделу уақыты үшін ақшалай үлес қарамағына есептелген күніне алатын мөлшерде ( қарамағында болу мерзіміне қарамастан) төленеді.

Егер олар осы демалысқа шыққанға дейін осындағы алған болса, бала күту жөніндегі қосымша демалыстағы ӨҚҚ қызметкерлері - әйелдерге тұрғын үй ұсташа мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленеді.

**Ескеरту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

66. Министрлік жүйесіндегі күндізгі оқу нысанындағы оқу орнын аяқтауына байланысты демалыс оқуды бітірушілерге олар дербес түрде бөлінген жері бойынша ӨҚҚ лауазымына тағайындалғаннан кейін беріледі.

Министрлік жүйесіндегі сырттай оқу нысанындағы оқу орнында оқитын қызметкерлерге емтихан сессиясының ұзақтығы мерзіміне тең, бірақ бір жылдың ішінде қырық күннен аспайтын емтихан тапсыру кезеңіне жалақысы сақталатын оқу демалысы беріледі, бұл ретте оларға, сондай-ақ шет елдердің төтенше жағдайлар органдарының бағыты бойынша оқу орындарында күндізгі нысан бойынша оқитын тыңдаушылар (курсанттар) мен Министрліктің жүйесіндегі жоғары оқу орнында немесе басқа мемлекеттің жоғары оқу орнында сырттай нысан бойынша, сондай-ақ кадрлар біліктілігін арттыру және даярлау курсарында оқитын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға оқу орнынан және кері бағытта темір жол көлігімен жол журу шығыстары өтеледі. Кадрлар біліктілігін арттыру және даярлау курсарында оқитын қызметкерлерге оқудағы әрбір күні үшін тәуліктік ақы төленеді және қызметтік іссапарлар үшін белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша тұрғын үй жалдау жөніндегі шығыстары өтеді.

Министрліктің жүйесіндегі оқу орнына оқуға түсуге емтихан тапсыруға

жіберілген ӨҚҚ қызметкерлері ішінен кандидаттарға қызмет орнынан оқу орнына жетуге әрі кері бағытта жол жүргүгө қосымша уақыт беріледі. Ағымдағы жылы оқуға тұсу емтихандарын тапсыру үшін қайтадан демалыс алуға жол берілмейді.

Өзге де оқу орындарында сырттай (кешкі) нысан бойынша оқитын қызметкерлерге еңбекақы төлеу, демалыс беру мәселелері еңбек заңнамасының нормаларымен реттеледі.

Адъюнктураға оқуға түсетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға дайындалу және оқуға тұсу емтихандарын тапсыруы үшін ұзақтығы 30 күнтізбелік күн оқу демалыстары, ал азаматтық оқу орындарына оқуға тұсу емтихандарын тапсыру үшін оқуға түсушілерге ақшалай үлесі сақталусыз ұзақтығы 15 күнтізбелік күнге дейін оқу демалысы беріледі.

67. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қосымша демалыстар және жүктілігі мен босануы бойынша әйелдерге демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) демалыстар қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға кезекті демалыстан тыс беріледі.

68. ӨҚҚ қызметкерінің тілегі бойынша қосымша демалыс жыл сайынғы демалысқа қосылады және сонымен бір мезгілде немесе жеке берілуі мүмкін, бұл ретте қосымша және жыл сайынғы демалыстардың жалпы үздіксіз ұзақтығы елу бес күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

## 6. Қызметтік тәртіп

69. ӨҚҚ-ның қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың тәртібі олардың заңдылық, дара басшылық қағидаттарын қатаң сақтауына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің, анттың, жарғылардың, талаптарын, командирлер мен бастықтардың бүйректерин орындаудына негізделеді.

70. Тек қана тікелей бастықтар көтермелейді әрі тәртіптік жаза қолданады. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, оларға, оның ішінде уақытша қызмет бойынша бағынатын бастықтар тікелей бастықтар болып табылады.

71. Қызмет бойынша бір-біріне тікелей бағынбайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар олар нақты тапсырмалар орындаған кезде аға немесе кіші болуы мүмкін.

Қызмет бойынша бір-біріне тікелей бағынбайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың өзара қатынас жасау тәртібін Министр белгілейді.

72. Бастықтың бүйрекі мүлтіксіз, дәл әрі мерзімінде орындалады. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде айқын заңға қайшы келетін бүйрек немесе нұсқау алынған жағдайда қатардағы және басшы құрамдағы адам бұл

туралы бұйрық немесе нұсқау берген бастыққа дереу баяндайды, ал бұйрық немесе нұсқау жазбаша түрде расталған кезде айқын қылмыстық сипаттағы бұйрық немесе нұсқаудан басқасын орындаиды. Заңсыз бұйрық немесе нұсқау бергені үшін бүкіл жауапкершілік оны берген бастыққа жүктеледі, ол қабылданған шешім туралы жоғары түрған бастықты хабардар етеді. Нақты қылмыстық сипаты бар бұйрықты немесе нұсқауды орындау қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды жауапкершіліктен босатпайды.

73. Міндеттерін ұлгілі орындағаны және қызметте қол жеткізген он нәтижелері үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға мынадай көтермелеге шаралары қолданылуы мүмкін:

а л ф ы с ж а р и я л а у ;

бөлімшениң кеңінен өрістетіліп жайылған туы жанында түсірілген жеке суретімен марапаттау ;

бағалы сыйлықпен марапаттау ;

грамотамен марапаттау ;

Министрдің Құрмет грамотасымен марапаттау ;

Құрмет кітabyна және құrmet тaқtasыna жазылады ;

өңірге тaғyлатын белгімен марапаттау ;

кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру ;

атқаратын штаттықлаузымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ бeрү ;

көтермелеге ретінде қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

74. Қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен ерлігі мен ержүректігі, жанқиярлығы және басқа да мемлекет алдында сінірген еңбегі үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін.

75. Жасаған теріс қылышы мен кінәсі дәрежесінің ауырлығына қарай қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін :

е с к е р т у ;

с ө г і с ;

қ а т а н с ө г і с ;

толық емес қызметтік сәйкес келмеуі туралы ескерту ;

лауазымын төмендегу ;

арнаулы атағын бір саты төмендегу ;

Ө К К - д а н б о с а т у .

Өнірге тaғyлатын белгімен марапатталған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар өңірлік белгісінен айыру түрінде тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.

76. Бастықтар оларға берілген құқықтар шегінде көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады. Бастықтар лауазымдары мен олардың құқықтарының тізбелерін, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолдану тәртібін Министр белгілейді.

77. Қызметкер ауырған кезде не ол демалыста болған кезенде, сондай-ақ теріс қылық жасалған күнінен бастап алты айдан кеш уақытта тәртіптік жаза қолдануға болмайды. Қылмыстық іс бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу, тексеру жүргізу немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жүргізу уақыты көрсетілген мерзімге енгізілмейді.

Шара қолдану алдында қатардағы және басшы құрамдағы құрамның атынан жазбаша түсініктеме алынуы тиіс.

Командир (бастық) бағынышты адамға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдаудының алдында қызметтік тексеру жүргізілуі тиіс. Ол теріс қылық жасалуына кінәлі адамдарды, әсер еткен себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамның демалыста болуы уақытын есептемегендегі, теріс қылық анықталған немесе қызметтік іс бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу, тексеру жүргізу немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жүргізу аяқталған күнінен бастап бір айдан кешіктірмей жаза қолданылады.

78. Егер ол өзіне берілген құқықтардан асыра сілтемесе, аға бастық кіші бастық қолданған тәртіптік жазаны жеңілдете немесе оның күшін жоя алмайды. Алайда, ол егер жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына сай келмесе, төмен тұрған бастық қолданған тәртіптік жазаның күшін жоюы және неғұрлым қатаң жаза қолдануы мүмкін.

79. Егер осы кезенде оған жаңа тәртіптік жаза қолданылмаса, ол қолданылған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қатардағы және басшы құрамдағы адамға қолданылған тәртіптік жаза алынып тасталды деп саналады. Тәртіптік жаза тікелей бастықтың ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын алынуы мүмкін.

80. Арнаулы атақты (лауазымды) төмендету түрінде тәртіптік жаза қолданылған жағдайда арнаулы атақ (лауазым) төмендетілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін бұрынғы арнаулы атақ (лауазым) қалпына келтірілуі мүмкін.

Арнаулы атағынан төмендетілген басшы құрамдағы адамдар тәртіптік жаза алынуымен бір мезгілде бұрынғы арнаулы атағындағы лауазымына қарамастан қалпына келтіріледі.

81. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар оларға қатысты қабылданған шешімдер мен іс-қимылдарға жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шағым беруге

Қ ұ қ ы լ ы .

ӨКҚ қызметінің ерекшелігіне байланысты тәртіптік практика ережелерін іске асырудың жекелеген мәселелері Министр белгілеген тәртіппен регламенттеледі.

## 7. Қызметтен босату

82. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызметтен босату:

1) егер босатылатын адамдар "Жалпыға бірдей әскери міндettілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленген шекті жасқа жетпесе, запасқа (әскери есепке қойып) шығару, тиісті әскери атақтары бар және денсаулығының жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамды адамдарды запасқа қою ; Z 0 5 0 0 7 4

2) егер босатылатын адамдар "Жалпыға бірдей әскери міндettілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленген шекті жасқа жетсе, әскери есептен шығарып, запасқа қою, тиісті әскери атақтары бар немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулығының жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамсыз деп таныған адамдарды запасқа қою жағдайларында жүргізіледі. Z050074

83. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мынадай жағдайларда:

1) зейнетке шығуға құқық беретін қызмет өткери жылдары (қызмет мерзімі) б о й ы н ш а ;

2) осы ереженің 11-тармағында белгіленген қызметте болудың шекті жасына ж е т у і б о й ы н ш а ;

3) денсаулығының жай-күйі бойынша - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі әскери-дәрігерлік комиссиясының қызметке жарамсыздық немесе ішінара жарамсыздық туралы қорытындысы (қаулысы) негізінде;

4) штаттың қысқартылуына байланысты;

5) келісім-шарттың бұзылуына байланысты;

6 ) ө з е р к і б о й ы н ш а ;

7) сынау мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

8) қызметтік тәртіпті үдайы бұзғаны үшін;

9) атtestаттау тәртібінде белгіленген қызметтік сәйкес келмеуі бойынша;

10) беделіне кір келтіретін теріс қылышқа жасағаны үшін;

11) занды қүшіне енген соттың айыптау үкімі шығарылуына байланысты запасқа (әскери есепке қойып) қызметтен босатылады.

84. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мынадай жағдайларда:

1) жасы бойынша - "Жалпыға бірдей әскери міндettілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленген шекті жасқа жетсе, тиісті әскери атақтары бар адамдарды запасқа қою үшін; Z050074

2) ауруы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздық туралы қорытындысы негізінде әскери есептен шыгарылып, қызметтен босатылады.

85. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты ӨКК-дан босатылады.

86. Осы Ереженің 83-тармағының 10) тармақшасына сәйкес беделіне кір келтіретін теріс қылышқа жасаған, оның ішінде қызметтік міндеттер атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың көз алдында мемлекеттік қызметтің қадір-қасиеті мен беделін көпе-көрінеу түсіретін, бірақ қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқпайтын, атап айтқанда: қасақана құқық бұзушылықтар; мас күйдегі, нашақорлық мас күйіндегі; қызметтік тергеу жүргізу кезінде жалған ақпарат берген; қызмет өткеруге кедергі келтіретін өмірбаяндық және өзге де нақты сипаттағы деректерді қызметкердің жасыруы не бермеуі; пайдакұнемдік мақсатта қызмет бабын пайдалануы; оқу орындарының қызметкерлерімен, курсанттарымен және тыңдаушыларымен жарғыдан тыс қатынастар жасауға жол беруі, сондай-ақ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын бұзғаны үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен босатылады.

87. Зейнетке шығуға құқық беретін, қызмет өткерген жылдары бойынша (қызмет мерзімі) қызметтен босатылатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар олар қабылдаған шешім туралы жоспарланған қызметтен босату қүнінен бір айдан кешіктірмей ӨКҚ-ғы тікелей бастығын өз еркімен ескертіп, бұл туралы пәрмен бойынша рапорт береді.

Осы ереженің 83-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қызметтен босатылатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен босауға дейін бір ай бүрын бұл туралы хабардар етеді.

88. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызметтөн босатуды оларға осы құқықты Министр берген бастықтар жүргізеді.

Ерекше жағдайларда босату құқығы бар орган басшысының шешімі бойынша, егер қызметкерлер ӨҚҚ-дан босату күні туралы белгіленген тәртіппен ескертілмесе, лауазымдағы адамдарға істерді тапсыруға 20 күнге дейін және қарамағындағы адамдарға 5 күнге дейін уақыт беріледі. Босату туралы ӨҚҚ-дан бұйрық алу күніне емделіп жатқан, белгіленген тәртіппен алдағы уақытта босатылатыны туралы ескерту алған қызметкерлерге қызмет орнына оралған күні бойынша қоса алғанда, бірақ ӨҚҚ-дан босату туралы бұйрық алған күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде, ал кезекті демалыстағыларға - демалыс аяқталған күнін қоса алғанда, ақшалай үлес төленеді.

Біржолғы немесе жұмыстан шығу жәрдемақысының берілген сомасы туралы

қаржы органы берілген жәрдемақының сомасы туралы қызметтік тізімінде белгі соғу үшін қызметкердің жеке ісі орналасқан жердегі кадрлар аппаратына хабарлайды.

89. Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды әскери есепке қойып және әскери есептен шығарып босатуды:

1) ішкі қызметтің подполковнигіне дейін қоса алғанда, - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемесінің және оның облыстардағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдарының бастықтары ;

2) ішкі қызметтің полковнигіне дейін қоса алғанда, сондай-ақ жоғары басшы құрамының адамдарын - Министр жүргізеді.

**Ескеरту. 89-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

90. ӨКҚ-дан босатылған, қайтыс болған, хабарсыз кеткен немесе хабар-ошарсыз жоғалған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Министр белгілейтін тәртіппен ӨКҚ жеке құрамының тізімдерінен шығарылады.

91. ӨКҚ-дан босағаннан кейін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен әскери комиссариаттарда әскери есепке турады.

## **8. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жекелеген санаттарының қызмет өткеру ерекшеліктері**

92. Қазақстан Республикасының депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ӨКҚ қызметтінен босатылады. Олар депутаттық өкілеттігінің мерзімі аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен ӨКҚ-ға қызметке қайтадан қабылдануы мүмкін.

93. Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігінде, Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдарында, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде (қаржы полициясы), сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің осындай құрылымдары мен құқық қорғау органдарында одан әрі қызмет өткеру үшін (халықаралық шарттар негізінде) жазбаша өтініш негізінде ӨКҚ қызметкерлері Министрдің бұйрығымен ӨКҚ-ның кадрларынан шығарылып, іссапарға жіберілуі мүмкін. Іссапарға жіберу жеке тәртіппен тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша ӨКҚ қызметкерінің рапорты бойынша жүргізіледі.

Көрсетілген ведомстволардың қызметкерлері ӨҚҚ-ға қызметке ауыстырылған кезде олар қатардағы және басшы құрамдағы тиісті лауазымдарға тағайындалғаннан кейін, оларда бар әскери және арнаулы атақтар ӨҚҚ қызметкерлерінің арнаулы атақтарына теңестіріледі, оларға әскери және арнаулы атақтар берілуі көзделетін лауазымдарда жұмыс істеген уақыты ескеріле отырып, оларға ӨҚҚ-дағы қызмет өткерген жылдары есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК